

мемлекеттік университетінің ректоры болысымен С. Балаубаевты қызметке шақыруы болды. Бұл ғалымдардың болашаққа деген үміті зор болды және бүгінде үміттері ақталуда.

Үстіміздегі жылы 90 – ға келіп отырған педагогика ғылымдарының кандидаты, Әл - Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры Жолмұхан Түрікпеновтың таныстығы сол 1945-46 жылдары алматы меллургия институтында оқыған Сапар Орманов деген ағасымен Евней Арыстанович инсытутта бірге оқыған кезінен басталған. Екеуі екі факультетте оқығанымен өте тығыз аралысып тұрған. Кейінде Жолмұхан аға Алматы педиститутын бітіріп 1959 жжылы Қарағанды педиститутына С. Балаубаевтың кафедрасында жұмыс істеген уақытында жалғасын тапқан. Себебі С. Балаубаев пен Е. Арыстанович өте жақын дос болған. Ебіней Арыстанұлы өте жан-жақты өнерлі, ғылымқұмар азамат болғандығын баса еске алады. Газет, журналдарға мақалалар шығарып тұратын. Е.А. Бөкетов өзінің кен-тау металлургиялық институтты және Қарағанды университетіне ректор болған кездерде жаңашылдыққа, оқу орындарын жоғары деңгейге көтеруді мақсат етіп, қоластындағыларға қатал талап қойды. Әрине, ол кісінің бұл әрекеті кейбіреу, шолақ ойлы, мансапқұмар жандарға ұнамай, үстінен арыз, «домалак қағаздар» жазылып, аяғынан шалу басталды. Олардың бұл әрекеттері Ебіней ағамызға қатты әсер етті. Ол кісі өзінің осы шындыққа сәйкес келмейтін, жалған жалалардан қатты қажып жүргенін тек С.Балаубаевпен ғана аздап бөлісетін. Бірде Сәлкен Балаубаев өзінің аудармаларын Е.А. Бөкетовке көрсетіп, кейбірі баспадан әлі болса да шықпай жатқандығын айтқанда, «уайымдамаңыз әлі – ақ біздің күндер туады дегенін» - өз құлағымен естігенін. Қазақтың «Мақтау – өсіреді, өсек – өлтіреді» дегеніндей, асыл ер, ұлы ғалым, осы әділетсіздікті көтере алмай өте ерте кетті. Дегенмен бүгінгі таңда еңбектері ақталып жатқандығын айтып, Жолмұхан аға, көзіне жас алып есіне алды. «Міне ұлы ғалымның торқалы тойы қарсаңында есімін ту қылып, дүниежүзіне әйгілі болыған Қарағанды университетінің «Ұлттық» мәртебеге ие болуы жай құбылыс емес. Мен шын жүректен оқу орны басшыларын, оқытушы-профессорлар қауымын шын жүректен құттықтаймын! Асқақ арман орындалды деген осы», - деп түйіндеді өзінің шағын естелігін профессор Жолмұхан Түрікпенұлы. Расында жаңашылдықтың ірге тасын қалаған ғалымдар есімі мәңгі есте сақталады.

Сонымен қоса, жоғарыда көрсетілгендей, шығармашылық тұлғалардың білімге, ғылымға деген құштарлығы жастық шақтарынан бастап өмір жолдарының бірліктігі табыстырған деуге болады. Мысалы, бұл тұлғалар сол кезеңге сай сауаттарын алғаш рет діни әліппиден бастап, молдадан оқыған. Білімге деген құштарлықтары оларды әрі қарай оқуға жетелеп, приход мектептерінде, басқа да сол өңірлерде ашылған мектептерде жалғастырып, орысша, ағылшынша, өзбекше, немісше тілдерді меңгеріп, жетілдірген.

Қорыта келе, Қазақстанның жаңаша ғылыми өрістеу қарсаңындағы әр ғасыр бойында тоғысқан ғалымдар еңбектерінің маңдай терлерінің арқасында басқа да ғылымдармен қатар бұл ғылымдардың өзіндік даму тарихы бар екенін ескере отырып, психология, педагогика және химия, физика ғылымдарының отандық ғылыми-әдіснамалық тұжырымдар негізін қалау жас ғалымдардың үлесінде деп санаймыз.

Міне, осы ғұламалардың барлығы бір ғылым арнасында кездесуі – осы Қазақстан жүрегі Қарағанды қаласында болуы заңдылық деуге болады.

Менің осы мақааны дайындау үстінде түйгенім, Абайды қалай бірнеше ғасыр танысақ, ғұлама ғалым Ебіней Арыстанұлы Бөкетовты де солай тану қажет сияқты.

Сол себептен, кезінде көп өмір соқпағын көрген академик Ебіней Арыстанұлының есімімен Қазақстандағы ең ірі жоғары оқу орындарының бірі Қарағанды ұлттық зерттеу университеті аталып отырғандығын мақтан етеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Медеу Сәрсекке. Біртуар Бөкетов. –Қарағанды: ҚарУ б-сы.- 467 с.
2. <https://bilim-all.kz/quote/15146>
3. Бибисара Әмірқызы. Аты – аңыз, өмірі – өнеге ғалым, психолог Сәлкен Балаубаев. – Қарағанды: Е.А. Бөкетов. ҚарУ б-сы. 2024. – 147 б.

ӘОЖ 159.9.072.43:159.922.4

ҚАЗАҚ ОТБАСЫЛАРЫНЫҢ ЭТНОПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ: ӨЗБЕКСТАН ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУЛЕРІ НЕГІЗІНДЕ

Арапбаева Д.К., Халықаралық Нордик университеті, Ташкент, Өзбекстан

Қазіргі жаһандану жағдайында этникалық дәстүрлер мен құндылықтардың сақталуы өзекті әлеуметтік мәселе болып отыр. Әсіресе, көпұлтты елдерде өмір сүретін этностық топтардың отбасылық құрылымы мен құндылықтарын зерттеу, олардың тұрақты дамуы мен қоғамдағы орнықты қарым-қатынасын қамтамасыз ету үшін ерекше маңызға ие.

Отбасы – тек қана қоғамның негізгі бөлшегі емес, ол этномәдени құндылықтардың ұрпақтан-ұрпаққа берілу арнасы болып табылады. Сондықтан қазақ отбасыларының этнопсихологиялық ерекшеліктерін талдау ғылыми әрі тәжірибелік тұрғыдан өзекті болып саналады.

Өзбекстандық ғалымдардың еңбектерінде, соның ішінде Т.Б.Норимбетов, М.М.Насимджанова, Д.Арапбаеваның зерттеулерінде қазақ отбасыларының әлеуметтік-психологиялық сипаттары алғаш рет жүйелі түрде қарастырылған. Бұл еңбектерде «таза» және «аралас» мәдени ортадағы қазақ отбасыларының құрылымдық және құндылықтық ерекшеліктері, некеге тұру себептері, инкультурация үдерістері, сондай-ақ жаңа түскен келіндердің

отбасына бейімделу жолдары кеңінен сипатталған. Мұндай зерттеулер қазіргі этнопсихология ғылымының дамуындағы маңызды қадам болып табылады.

Зерттеудің ғылыми маңыздылығы – қазақ отбасыларындағы дәстүрлі құндылықтардың сақталуы мен олардың жаңа әлеуметтік ортада трансформациялану ерекшеліктерін анықтауда. Сонымен бірге, келіндердің отбасына бейімделуін этнопсихологиялық тұрғыдан талдау – ұлттық болмысты сақтаудың және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етудің тиімді жолдарын айқындайды.

Өзбекстандық ғалым Норимбетов Тургун Бухаровичтің «Өзбекстанда тұратын қазақ отбасыларының әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері» тақырыбындағы кандидаттық диссертациялық еңбегінде зерттеу нысаны ретінде Өзбекстан Республикасы Ташкент және Науаи облыстарындағы қазақ отбасылары алынған. Бұл отбасылар «таза» және «аралас» мәдени ортада қарастырылып, салыстырмалы талдау жүргізілген [3].

Ғалымның зерттеуінде «таза» мәдени ортада (қазақтар басым аймақтарда) дәстүрлі әдет-ғұрыптар мен этностық құндылықтардың сақталғаны анықталса, «аралас» ортада (басқа этностармен бірлескен аймақтарда) олардың бірқатар трансформацияға ұшырайтыны айтылады.

Бұл еңбекте алғаш рет Өзбекстандағы қазақ отбасыларының этнопсихологиялық сипаты жүйелі түрде талданған. Сонымен қатар, «таза» және «аралас» ортадағы отбасы құрылымының айырмашылықтары айқындалған. Дәстүрлі нормалар мен әлеуметтік-психологиялық факторлардың өзара байланысы ғылыми тұрғыда негізделген.

Зерттеу нәтижелері отбасының тек ерлі-зайыптылар арасындағы қатынас емес, сонымен бірге ұлттық құндылықтардың сақталуы мен өзгеруінің басты институты екенін көрсетті. «Таза» ортада дәстүрлі құндылықтар отбасы тұрақтылығын қамтамасыз етсе, «аралас» ортада құндылықтардың тоғысуы кей жағдайда қайшылықтарға да себеп болатыны анықталған.

Этнопсихологиялық зерттеулер тек ғылым үшін ғана емес, қоғамдағы әлеуметтік келісімді қамтамасыз ету үшін де маңызды рөл атқарады.

Жұмыста танысу орны мен түрі, некеге тұру жасының психологиялық көрсеткіштері, отбасы құруға әсер ететін мотивтер, некеге дейінгі факторлардың этнопсихологиялық кырлары және жұптар арасындағы тұлғааралық қабылдау ерекшеліктері қарастырылған [3].

Мәселен, танысу түріне байланысты алынған деректерде 43,33% респондент ата-анасының, туыстарының немесе құда түсу дәстүрінің ықпалымен танысқанын көрсеткен [3].

Зерттеу барысында некеге тұру мотивтері бойынша жүргізілген зерттеуде 14 түрлі себеп ұсынылған. Солардың ішінде «балалы болу» мотиві бірінші орында тұрған. Ерлер үшін ол 4,3 баллмен бірінші орын алса, әйелдер үшін 2,7 балл көрсеткішімен 3-4 орынға ие болған [3].

Орташа деректерге сәйкес, «ата-ана және туыстардың қалауы» мотиві ерлер арасында 3,9 баллмен екінші орынды иеленсе, әйелдер арасында 3,53 баллмен бірінші орынға шыққан. Бұл дерек жастар үшін ата-ананың ықпалы ерекше күшке ие екенін көрсетеді. Әйелдер жағы ата-ананың пікіріне көбірек мән беретіні анықталған [3].

Осылайша, «таза» және «аралас» мәдени ортадағы некеге тұру себептері белгілі бір айырмашылықтарға ие екені айқындалған.

Ғалым некеге дейінгі факторларды да талдаған. Таза ортадағы жастар этникалық дәстүрлер мен ұлттық ерекшеліктерді қатаң сақтап, құрметпен қарайтыны байқалады. Олар заманауи үрдістерді қабылдағанымен, дәстүрлі құндылықтар мен әдет-ғұрыптарға адалдық танытады.

Аралас ортада қазақ отбасылары басқа этностармен бірге өмір сүргендіктен, кейбір құндылықтар бейімделгенімен, тарихи мәдениеттің өзегі сақталғаны байқалады. Бұл орайда этникалық стереотиптердің рөлі ерекше екендігі дәлелденген [3].

Зерттеу нәтижелері бойынша, «қалыңдықты алып қашу» дәстүрі әлі де сақталғанымен, қазіргі таңда ол екі жақтың келісімімен жүзеге асатыны анықталған [3].

Жалпы алғанда, қазақ отбасыларында некеге тұрудың басты себептері – ата-ананың ықпалы мен ұрпақ сүйеу ниеті екендігі дәлелденді.

Тұрақты отбасыларда некеге қанағаттану деңгейі жоғары болғанымен, ажырасудың басты себептері – тұрмыстық қиындықтар, ұсақ-түйек кикілжіңдер және тұлғааралық үйлесімсіздіктер екендігі көрсетілген [3].

Жаһандану дәуірінде этникалық дәстүрлерді сақтау мен ұрпаққа жеткізу психологияда инкультурация ұғымымен түсіндіріледі. Инкультурация – адамның туған этносының құндылықтары мен нормаларын меңгеріп, оларды өзінің тұлғалық қасиеттеріне айналдыру үдерісі болып табылады.

Этнопсихология ғылымы тұлғаның инкультурацияға бейімделу ерекшеліктерін, оның психологиялық механизмдері мен әлеуметтік шарттарын зерттеуді өзекті міндеттердің бірі ретінде қарастырады. Себебі урбанизация, көші-қон және ақпараттық кеңістік этникалық дәстүрлердің берілуіне тікелей ықпал етуде.

Осы тұрғыдан алғанда, Насимджанова Махсума Мажидовнаның «Жеке тұлғада инкультурация үдерісінің этнопсихологиялық ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылыми тұрғыдан өзекті саналады. Бұл зерттеу этникалық сәйкестікті айқындауға, ұлттық құндылықтарды сақтауға және этносаралық үйлесімділікті арттыруға мүмкіндік береді.

М.М. Насимджанованың еңбегінде қазақ халқының ұлттық дәстүрлері өзбек халқына жақындығымен сипатталатыны, ең алдымен үлкендерге құрмет көрсету, ұлттық тағамдар мен рәсімдер арқылы көрініс табатыны атап өтілген [2].

Сауалнама нәтижелеріне сүйенсек, қазақтардың 50 %ы бар дәстүрлерді өзгеріссіз сақтау қажет десе, 34,9 %ы (негізінен жастар) қыз алып қашу дәстүрін жоюды қолдайтынын көрсеткен [2].

Қазақ ұлты өкілдерінің мәдени құндылықтары – болашаққа ұмтылыс, толеранттылық, дәстүрге адалдық, жетістікке талпыныс және заңды құрметтеу сияқты жағымды қасиеттермен ерекшеленетіні дәлелденді [2].

Қоғамдағы әлеуметтік өзгерістер этносаралық қарым-қатынастарды күрделендіріп, отбасы институтының жаңа сипат алуына себеп болып отыр. Отбасы этникалық дәстүрлердің сақталуының басты арнасы болғандықтан, келіндердің жаңа ортаға бейімделуін этнопсихологиялық тұрғыдан зерттеу маңызды болып табылады.

Біздің «Келіндердің отбасына бейімделуінің этнопсихологиялық ерекшеліктері» тақырыптағы еңбекте Өзбекстан Республикасы Науаи облысындағы қазақ келіндерінің жаңа ортаға бейімделуі қарастырылған [1]. Зерттеу келіндердің тұлғааралық қатынастары, жаңа әлеуметтік рөлдерді қабылдауы, қақтығыстарды шешуі секілді қырларын ашқан.

Алғаш рет келіндердің жаңа ортаға бейімделуі этнопсихологиялық тұрғыдан кешенді зерттеліп, олардың салт-дәстүрлер мен құндылықтарға негізделген мінез-құлқы айқындалған.

Зерттеу барысында келіндердің жаңа ортаға бейімделуі олардың отбасылық өмірге дайындығына, тұлғааралық қатынасқа икеміне және жаңа рөлдерді меңгеру қабілетіне байланысты екені анықталған [1].

Келіндер отбасында үстемдікке ұмтылмай, қақтығысты болдырмауға бейім келетіні байқалған. Бейімделу деңгейі жоғарылаған сайын олардың өз-өзіне сенімділігі мен айналасындағы адамдармен үйлесімді қарым-қатынас құруы күшейе түсетіні дәлелденген [1].

Жалпы алғанда, қазақ келіндерінің жаңа ортаға бейімделуі этнопсихологиялық тұрғыдан маңызды фактор саналады. Бұл зерттеулер этнопсихология, отбасы психологиясы және мәдениетаралық қарым-қатынас салаларындағы ізденістерге әдістемелік негіз бола алады.

Жүргізілген зерттеулер көрсеткендей, қазақ отбасылары этномәдени дәстүрлердің сақталуы мен жаңғыруының негізгі институты болып табылады. «Таза» мәдени ортада дәстүрлі құндылықтар отбасының тұрақтылығын қамтамасыз етсе, «аралас» ортада этникалық құндылықтардың өзгеріске ұшырауы байқалады. Дегенмен, қазақ отбасылары ұлттық дәстүрлерін, әдет-ғұрыптары мен салт-санасын сақтап, ұрпақ тәрбиесінде басты орынға қояды.

Келіндердің отбасына бейімделу ерекшеліктерін этнопсихологиялық тұрғыдан зерттеу олардың жаңа әлеуметтік рөлдерді қабылдау қабілеті мен тұлғааралық қарым-қатынасқа икемділігін айқындайды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, келіндердің бейімделу деңгейі жоғарылаған сайын, олардың өзін-өзі бағалауы, өзгелерді дұрыс қабылдауы және отбасындағы үйлесімділікке ұмтылысы күшейеді.

Этнопсихологиялық талдау қазақ отбасыларының дәстүрлі мәдени құндылықтарының қазіргі жаһандану жағдайында да өзектілігін дәлелдеді. Бұл зерттеу нәтижелері этнопсихология, отбасылық психология және мәдениетаралық қарым-қатынас салаларында болашақта жүргізілетін ғылыми ізденістерге бағыт-бағдар бере алады. Сонымен қатар, зерттеу тәжірибелік тұрғыда ұлттық дәстүрлерді сақтай отырып, отбасылық тұрақтылықты нығайтуға септігін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Арапбаева Д.К. Келинлар оилага мослашувининг этнопсихологик хусусиятлари (қозок оилалари мисолида). Психология фанлари номзоди илмий даражасини олиш учун ёзилган диссертация. – Тошкент: 2012. – 145 б.
2. Насимджанова М.М. Этнопсихологические особенности процесса инкультурации личности. Автореферат диссертации доктора философии по психологическим наукам (PhD). – Ташкент: 2020. – 53 с.
3. Норимбетов Т.Б. Социально-психологические особенности казахских семей проживающих в Узбекистане. Дис. ...канд. психол. наук. – Ташкент: 2008. – 227 с.

ӘОЖ 141.82:130.2.398

ҰЛТТЫҚ НАМЫС ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР: ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ИНТЕРПРЕТАЦИЯ

Арапбаева Д.К., Науаи инновациялар университеті, Науаи, Өзбекстан

Фольклор өнері ұлттың руханиятының құрамдас бөлігі ретінде тұлғаның ұлттық намысын қалыптастыруға ықпал етеді. Яғни, фольклор өнерінің пайда болуы және даму барысында жанрларының дифференциациясы тарихи дамудың қажеттілігі болып, тұлғаның физикалық және рухани болмысын көркем образдарда бейнелеу тәсілін нақтылайды. Фольклорда тұлғаның идеал образдарын жасау және оның ұлттық намысын қалыптастыруда философиямен ортақтық және ерекшелік тұлғаның өмір сүріп жатқан тарихи дәуір қажеттілігін түсіну және бейнелеу тәсілінде нақты көрінеді. Себебі "мифологияның өзіндік философия екенін түсінбей тұрып, оның рәміздерінің мәні мен мазмұнын ашпай тұрып, біз әдебиет пен өнер есігін аша алмаймыз" [1]. Олардың мақсаттары мен міндеттерін салыстырғанда, мақсаттың ортақтығын, сонымен бірге әсер ету бағыттары, тәсілдері мен әдістерінің айырмашылығын көреміз.

Фольклор өнері жанрларының негізгі ерекшелігі мен философиялық мазмұны тұлғаның интеллектуалдық қабілетін, эмоциялық сезімдерін идеал образдар арқылы бейнелеу, жалпыадамзаттық руханиятты тұлға деңгейінде үйлестіру қажеттілігін түсінуімен анықталады.

Фольклор өнері жанрларының түрлерінде тұлғаның ұлттық намысын қалыптастыруда ортақтық болса да, белгілі бір айырмашылықтар да бар. Атап айтқанда, біріншіден, фольклор өнері жанрларында бейнеленген көркем образдардың тарихи шындықтың идеалы ретінде оған адекватты болуы; екіншіден, кез келген көркем образдың ұлттық намысқа әсері, оның тұлға тарапынан қабылдануы және еліктеушілігінің дифференциалдылығы; үшіншіден, фольклор жанрларының үйлесімі негізінде тұлғаның ұлттық намысын қалыптастыру үшін қолданылған әдістер мен